Абрикосовый конфитюр

- | | |
|---------------------|------------|
| 1. Абрикосы | 360гр |
| 2. Сахар | 360гр |
| 3. Пектиновая смесь | 4гр (1 ЧЛ) |

Клубничное варенье

1. Клубника	400гр
2. Сахар	400гр
3. Лимонный сок	1 ЧЛ

Чистка и уход

- Отключите прибор от электросети и дайте ему остыть перед чисткой.
- Чистить поверхность следует мягкой слегка влажной тряпкой.
- Никогда не используйте для чистки прибора абразивные моющие средства, поскольку это может повредить антипригарное покрытие прибора.
- **Форма для выпечки:** Выньте форму, повернув ее против часовой стрелки и потянув за ручку, протрите ее изнутри и снаружи влажной тканью. Не используйте острые предметы или абразивные средства, во избежание повреждения антипригарного покрытия. Перед установкой формы для выпечки в хлебопечь просушите ее.

ПРИМЕЧАНИЕ: Установите форму в правильное положение и слегка надавите на нее. Если форма не стала на свое место, аккуратно выберите нужное положение и слегка надавите на нее.

- **Лопатка для замешивания теста:** Если тестомешалку сложно снять с оси, наполните резервуар теплой водой и дайте ее отмокнуть около 30 минут. После этого ее можно будет легко снять для чистки. Тестомешалку также необходимо осторожно протереть влажной хлопчатобумажной тканью. Обратите внимание на то, что форма для выпечки и тестомешалку можно мыть средствами для мытья посуды.
- **Верхняя крышка и смотровое окошко:** Протрите крышку снаружи и изнутри влажной тканью.
- **Корпус:** Осторожно протрите внешнюю поверхность корпуса влажной тканью. Не пользуйтесь для чистки корпуса абразивными средствами, поскольку они могут повредить полировку. Никогда не погружайте корпус хлебопечи в воду.
- Во время чистки никогда не погружайте прибор и сетевой шнур в воду.
- После чистки дайте прибору высохнуть и уберите на хранение.

Хранение

- Отключите прибор от электросети.
- Смотайте сетевой шнур свободными кольцами.
- Храните прибор и принадлежности в сухом, прохладном месте, не доступном для детей.

Гарантийные обязательства

Гарантийный срок на территории Российской Федерации 1 год.

В случае возникновения претензий по гарантии, предъявите изделие в полной комплектации, с оригинальной упаковкой и кассовым чеком в аккредитованный сервисный центр. Без кассового чека невозможен бесплатный ремонт или замена изделия.

Дефекты принадлежностей не служат причиной для автоматической замены всего изделия.

Дефекты изнашиваемых принадлежностей или трущихся деталей, а также чистка, техобслуживание или замена трущихся деталей не попадают под гарантию.

Гарантия теряется при вскрытии изделия посторонними лицами.

Срок службы товара 2 года при соблюдении условий эксплуатации.

Изготовлено в КНР.

После гарантии

После окончания срока гарантии ремонт изделий производится за плату аккредитованными сервисными центрами.

Прибор прошёл все необходимые испытания на соответствие и безопасность, определёнными директивами CE и стандартами ГОСТ-Р, и соответствует современным техническим стандартам безопасности.

Фирма оставляет за собой право вносить технические изменения в конструкцию.



BM 1193 нан пісіргіші Пайдалану жөніндегі нұсқаулық



Техникалық сипаттамалары

Үлгісі:	BM 1193
Қуаты:	550 Вт
Тостағанның көлемі:	1,5 л
Кернеуі:	220-240 В
Жиілігі:	50 Гц
Класс:	I

Құрметті сатып алушылар!

«Smile» Сауда таңбалы тауарды алғаныңыз үшін Сізге алғысымызды білдіреміз. Біздің өнім жоғары сапасы, эргономикалық дизайны және пайдалануға ыңғайлылығы арқылы талғамы аса жоғары тұтынушылар үшін де аса тартымды болып табылады. «Smile» компаниясының тауарларының көмегімен Сіздің өміріңіз бұдан да қызығырақ әрі жарқынырақ болатынына сеніміміз мол!

Құралды пайдаланбас бұрын Сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етуге бағытталған маңызды ақпараты бар және аталған құралды дұрыс пайдалану, сондай-ақ оның күтіміне байланысты ұсыныстар берілген осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.

Пайдалану туралы берілген нұсқаулықты, көпілдік қағазын, кассалық есеп-шотты, сондай-ақ, мүмкін болса, картон қорапшасын ішкі қаптамасымен бірге сақтаңыз!

Техникалық қауіпсіздік туралы жалпы нұсқаулар

- Құралды пайдаланбас бұрын нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.
- Іске қоспас бұрын аспаптың ақпарат тақтайшасында көрсетілген кернеудің (220-240В) электр желісіндегі кернеуге сай екеніне көз жеткізіңіз.
- Тек қана түпнұсқалық құралдарды пайдаланыңыз.
- Егер пайдаланбасаңыз, тілікшелерін айырбастар болсаңыз, оны тазалар алдында немесе ақауларды байқаған жағдайда аспапты әрдайым өшіріп айырды розеткадан суырып тастаңыз. Желі-сымнан тартпаңыз, айырдан ұстаңыз.
- Аспапты ешқашан бақылаусыз қалдырмаңыз. Тіпті қысқа уақытқа үзіліс жасасаңыз да, оны өшіріп отырыңыз.
- Осы құрал дене мүшелерінің, жүйке немесе психологиялық кемістіктері бар немесе жеткілікті тәжірибесі мен білімі жоқ адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған. Аталған құралды осындай кемістіктері бар тұлғаларды тек бақылап отырып немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін тұлғаның тиесілі нұсқаулықтар бере отырып пайдалануларына болады.
- Аталған құралмен балалардың ойнауына жол бермеу мақсатында оларды бақылауда ұстау керек.
- Аспапты жылу және ылғал көздерінен, өткір заттардан т.б. алыс ұстаңыз.
- Электр сым мен аспаптың өзінің ақаусыз екенін тұрақты тексеріп отырыңыз. Қандай да болмасын ақауды байқаған жағдайда аспапты пайдаланбаңыз.
- Электр желісіне қосатын сымды құралды алып жүретін тұтқа ретінде пайдалануға болмайды.
- Құралды өз бетіңізбен жөндеуге болмайды. Құралды жөндеу және ақаулы электр сымын ауыстыру үшін қызмет көрсету шеберханасына апарыңыз.
- Ешқашан да аспапты және электр сымды суға немесе басқа да сұйықтықтарға батырмаңыз. Аспапты су немесе ылғалды қолмен ұстамаңыз.
- Құрал өндірістік мақсатта емес күнделікті пайдалану үшін жасалған.
- Пайдаланар алдында Сіздің тұтынатын электр жүйесінің кернеудің күрт азаю-көбеюнен сақталғандығына көз жеткізіңіз.
- Аспапты бөлмеден тыс жерде пайдаланбаңыз.

Назар аударыңыз!

Жұмыс беті зақымдалған жағдайда, аспапты дереу желіден ажыратыңыз, себебі бұл электр тоғының соғу қаупін тудыруы мүмкін.

ҮШ МАҢЫЗДЫ КЕҢЕС

1. Өрбір дайындаудан кейін аспапты міндетті түрде тазалаңыз (өрі қарай «Аспапты тазалау» бөлімінен қараңыз). Бұл жай ғана тазалық емес, бұл қажеттілік! Қамырдың қалдықтары дайындауға арналған сыйымды ыдыстың ішінде күйіп, кеуіп, қалып қоюлары мүмкін. Нәтижесінде қамыр илеу тетігі істен шығуы мүмкін.
2. Көптеген бағдарламалардың жұмысы кезінде аспап бастапқы ~ 20 минут ішінде «үнсіздік сақтайды». Абыржымаңыз. Ол жұмыс істеп тұр, бірақ қамыр илеуді бірден бастамайды, алдымен қоспаның бөліктерін ысытады және сол себепті «дырылдамайды».
3. Сапалы қоспа бөліктерін, әсіресе, сапалы ашытқыны пайдалану өте маңызды. Нан көтерілмей қалса, оның басты себебі осында жатыр. Мөлшерін сәйкестендіріп, өртүрлі қоспа бөліктерін пайдаланып көріңіз. Өлбетте, аспап аспазшының өнерін алмастыра алмайды. Нұсқаулықта келтірілген ас қағаздар (аспазшының кітабындағыдай) шамамен алынған. Тағамдарды әдеттегі қолмен дайындау жағдайындағыдай өнімдерді іріктеп, ас қағазды өз талғамыңызға келтіріп алу қажет.


Осы аспапқа арналған қауіпсіздік техникасы жөніндегі арнайы нұсқаулар

1. Аспаптың ешқандай ыстық беттеріне қол тигізбеңіз, тұтқыштарды пайдаланыңыз!
2. Пісіру үдерісінен кейін нан пісіргіштің беткі қабаттары өте ыстық болып қала береді.
3. Аспаптың сымы мен аспаптың өзін ешқашан суға немесе басқа сұйықтыққа салмаңыз.
4. Егер аспаптың жанында балалар болса, оның жұмысын мұқият қадағалаңыз! Аспапты пайдаланбасаңыз, сондай-ақ, оны тазалау алдында аспаптың штекерін розеткадан шығарыңыз. Аспаптың жекелеген бөлшектерін шығарудың алдында ол суығанша күтіңіз.
5. Сымы зақымдалған аспапты, аспаптың жұмысында ақаулар болған жағдайда немесе ол зақымдалған жағдайда аспапты ешқашан пайдаланбаңыз. Барлық жағдайларда сервистік қызмет көрсетуге жүгініңіз. Аспапты ешқашан өз бетіңізбен жөндемеңіз, себебі мұның нәтижесінде осы аспапқа кепілдік бойынша қызмет көрсету құқығынан айырыласыз.
6. Өндірушімен ұсынылмаған жарақтарды пайдалану – аспаптың сынуына өкеліп соқтыруы мүмкін. Аспапты тек мақсаты бойынша пайдаланыңыз.
7. Аспапты жұмыс бетімен сырғымайтындай етіп қойыңыз. Бұл қою қамырды илеу кезінде орын алуы мүмкін. Аспапты өте тегіс жерге орнатқан жағдайда оның сырғуын болдырмау үшін оның астына жұқа резеңке кілем төсеңіз.
8. Жұмыс істеп тұрған нан пісіргіш өзге аспаптардан 10 см кем емес қашықтықта орналасуы тиіс. Нан пісіргішті тек бөлмеде пайдаланыңыз.
9. Электр сымның ыстық беттермен жанаспауын және балалар тартып қалмайтындай үстелдің шетінен салақтап тұрмауын қадағалаңыз.
10. Нан пісіргішті ешқашан газ немесе электр плитаның жанына немесе оның үстіне, сондай-ақ, пешке жақын орнатпаңыз.
11. Аспап ыстық сұйықтыққа толы болғанда, оны асқан сақтықпен жылжытыңыз!
12. Пісіру үдерісі кезінде ешқашан нанға арналған қалыпты шығармаңыз!
13. Ешқашан қалыпқа ас қағазда көрсетілгеннен артық көлемде қоспа бөліктерін салмаңыз! Олай болмайтын болса, нан біркелкі піспейді немесе қамыр қалыптан асып, ағып шығады. Нұсқаулықта баяндалған сәйкес нұсқауларды сақтаңыз!
14. Нан пісіргішке металл фольга немесе өзге материалдарды салмаңыз, себебі бұл қысқа тұйықталуға немесе өрттің шығуына өкеліп соқтыруы мүмкін!


15. Жұмыс істеп тұрған нан пісіргішті ешқашан орамалмен немесе өзге заттармен жаппаңыз, себебі бұл оның салқындауына кедергі келтіреді және будың шығуын қиындатады! Нан пісіргішті тұтануы мүмкін заттармен жаппаңыз және оның тез тұтанғыш материалдармен, мысалы, перделермен жанаспауын қадағалаңыз, - тұтану қаупі бар.

Сатып алушы нан пісіргішті өндірістік мақсаттарда немесе осы нұсқаулықтың ұйғарымдарына қайшы келетін тәсілмен пайдаланған жағдайда өндіруші ешқандай жауапкершілікті көтермейді!

Аспаптың бөлшектеріне шолу



Басқару панелі



Түймешелер:

- «Таймер +» және «Таймер -» - белгілі уақытқа пісірілген өнімді бағдарламалау
- «Мәзір» «Бағдарламалар» бөлімінде сипатталған бағдарламаларды таңдау
- «Бастау/Тоқтату» түймесі - бағдарламаны жіберу және тоқтату
- «Салмағы» - қамырдың үлкен немесе аз салмағын орнату (төменде сипатталған)
- «Түсі» - қуыру деңгейін орнату

Аспаптың айырын розеткаға қосып, аспапты желіге қосқан сәтте дыбыстық белгі беріліп, басқару панелінде бастапқы күйде СТАНДАРТТЫ бағдарламасы жанады.

«БАСТАУ/ТОҚТАТУ» түймесі

Таңдап алынған бағдарламаны бастау мен тоқтатуға арналған. Бағдарламаны бастау үшін БАСТАУ/ТОҚТАТУ түймесін бір рет басыңыз. Қысқа дыбыстық белгі беріледі, осыдан кейін үдеріс басталады. Үдерісті аяқтау немесе бағдарламаны тоқтату үшін БАСТАУ/ТОҚТАТУ түймесін басып, бағдарламаның аяқталуын растайтын дыбыстық белгі берілгенше 3 секунд бойы басып тұрыңыз. Бұл ерекшелік бағдарламаның жұмысындағы аңдаусыз ақауды болдырмауға көмектеседі.

«Таймер +» және «Таймер -» түймелері

Егер де Сіз пісіру өнімінің жіберу уақытын кейінге қалдырғыңыз келсе, онда Сіз мына түймені қолдана аласыз. Сол түймені басар алдында Сізге нанның қашан дайын болатын уақытын белгілеу қажет. Таймердің орнату уақытына таңдалған бағдарламаның орындалу уақытын қосу керектігіне назар аударыңыз. Яғни, кейінге қалдырылған уақыт аяқталған кезде, нанның пісуі де аяқталады. Алдымен бағдарламаны және нанның қуырылу деңгейін таңдап, кейін бастаудың кейінге қалдырылған уақытын ұлғайту үшін «Таймер +/-» түймесін басыңыз. «Таймер +/-» түймелерін әрбір басуы уақытты 10 минутқа арттырады немесе қысқартады. Бастауды кейінге қалдыру уақыты 13 сағаттан аса алмайды.

Мысалы: Сағат 20:30 көрсетіп тұрса, ал нан келесі күннің таңғы 7:00-де, яғни 10 сағат және 30 минуттан кейін ғана дайын болу тиіс. Дисплейде 10:30 пайда болғанша «Таймер +/-» түймесін басып тұрыңыз, себебі өзекті уақыттың (20:30) және нанның дайын болуы тиіс уақыттың арасындағы уақыттың бір бөлігі 10 сағат және 30 минутты құрайды.

Назар аударыңыз! Дайындалатын нанның құрамына жұмыртқа, балғын сүт, жеміс, пияз және т.б. сияқты тез бүлінетін өнімдер кіретін болса, онда бастауды кейінге қалдыру қызметін пайдаланбаңыз

«Түс» түймесі

Осы түйменің көмегімен сіз қуырудың қажетті деңгейін орната аласыз: ашық, орташа және қоңыр.

«Салмақ» түймесі

Осы түйменің көмегімен түрлі бағдарламалар үшін түрлі салмақ орнатылады (Кестені қараңыз):

I деңгей - салмағы аз (450 г-ға дейін) нан үшін

II деңгей - салмағы үлкен (700 г-ға дейін) нан үшін.

Төменде келтірілген ас қағаздарында Сіз біздің нұсқауларымызды таба аласыз.

«Мәзір» түймесі

Бұл түйме әртүрлі бағдарламаларды таңдауға арналған. Оны басқан сайын, қысқа дыбыстық белгі беріліп, кезекті бағдарлама жанады. Қалаулы бағдарламаны таңдаңыз.

ПІСІРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. **Стандартты** – ақ нан және ұнның түрлі сұрыптарынан пісірілген нанға арналған. Бұл бағдарлама басқаларға бағдарламаларға қарағанда, жиі пайдаланылады.
2. **Ақ нан** – ерекше үгілгіш ақ нанды даярлауға арналған.
3. **Бүгіндәнді нан** – бүгіндәнді нанын дайындау арналған, бұл бағдарлама дәндердің ылғалды сіңіруіне және көлемде ұлғаюына ықпал ететін қыздырудың ұзақтылығымен ерекшеленеді.
4. **Төтті пісіру өнімдері** – ашытқы қосылған төтті пісіру өнімін даярлауға арналған.
5. **Глютенсіз нан** – глютенсіз нан пісіретін ұн қосындыларын пайдаланумен нан пісіру.
6. **Жылдам пісіру өнімдері** – қамыр илеу және қопсытқышты пайдаланумен нанды пісіруге арналған.
7. **Бәліш** – қопсытқышты қосумен пісіру өнімдеріне арналған
8. **Джем** – мармелад, конфитюра және қайнатпа қайнатуға арналған.
9. **Йогурт** – йогурт даярлауға арналған. Йогуртты даярлау үшін пісіруге арналған қалыпқа йогуртқа арналған қалыпты салып, кейін йогуртқа арналған қалыпқа қажетті қосындыларды салыңыз. Йогуртты даярлау барысында йогуртқа арналған қалыптың қақпақпен тығыз жабылғанына көз жеткізіңіз.
10. **Илеу** – қамыр илеуге арналған. Қамырдың көтерілуі және пісірілуі қарастырылмаған.
11. **Қамыр** – қамырдың иленуі және көтерілуі. Қамырдың пісірілуі қарастырылмаған.
12. **Өнім пісіру** – қамырды илеусіз және оның көтерілуінсіз, пісіру ғана. Сонымен қатар, осы бағдарлама басқа бағдарламаларда даярлау барысында өнімді пісіру уақытын ұзарту үшін пайдаланыла алады.

ЫСЫТУ ФУНКЦИЯСЫ

Бағдарламаның аяқталуынан кейін нан бір сағат ішінде автоматты түрде жылы болып қала береді.

ЖАДЫ ФУНКЦИЯСЫ

Қуат көзінде 10 минуттан артық емес ақау туындағанда, аспап 10 минут ішінде БАСТАУ/ТОҚТАТУ түймесін басусыз автоматты түрде қайта қосылады және бағдарлама дәл сол сәттен бастап жалғасады. Қуат көзінде 10 минуттан артық ақау туындағанда, орнатылымдар сақталмайды және бағдарламаны қайтадан іске қосу қажет. Алайда, егер қуат көзінде ақау кезінде үдеріс қамырды илеу кезеңінен артық ілгерілемесе, бағдарламаны қайтадан қосу үшін БАСТАУ/ТОҚТАТУ түймесін басуыңызға болады.

ҚОРШАҒАН ОРТА

Аспап қоршаған ортаның төмен, сондай-ақ, жоғарғы температурасында жақсы жұмыс істейді, алайда, өте жылы бөлмеде піскен нан өте суық бөлмеде дайындалған наннан көлемі жағынан өзгешеленеді. Нанды дайындау кезіндегі бөлменің ұсынылатын температурасы 15°C - тан 34°C-қа дейін болуы тиіс.

Ескерту хабарламалары

- Егер «Бастау/Тоқтату» түймесін басқаннан кейін дисплейде «EE1» жазуы пайда болса және қатты дыбыстық дабыл шықса, бұл нан пісіру пешінің ішіндегі температураның өлі де төмен екендігін білдіреді. Қайтадан «Бастау/Тоқтату» түймесін басыңыз және қондырғыны қуат беру желісінен сөндіріп тастаңыз. Кейін қақпақты жабыңыз және нан пісіру пешіне 10-20 минутта суытқызыз.
- Егер «Бастау/Тоқтату» түймесін басқаннан кейін дисплейде «EE2» жазуы пайда болса және қатты дыбыстық дабыл шықса, бұл нан пісіру пешінің ішіндегі температураның өлі де төмен екендігін білдіреді. Сондықтан таңдалған бағдарлама іске қосылмайды (Өнімді пісірубағдарламасын қоспағанда). Бұл жағдайда нан пісіру пешін бөлме температурасы жоғары жайға жайғастырыңыз.
- Егер «Бастау/Тоқтату» түймесін басқаннан кейін дисплейде «EE4» жазуы пайда болса және қатты дыбыстық дабыл шықса, бұл температура қадағасының істен шыққанын білдіреді. Мұндай жағдайда,

дыбыстық дабылдарын тоқтату үшін «Бастау/Тоқтату» түймесін басыңыз. Егер дисплейдегі «EE4» жазуы жойылмаса, автоландырылған сервис орталығына жүгініңіз. Егер «Бастау/Тоқтату» түймесін басқаннан кейін дисплейде «EE3» жазуы пайда болса, бұл температура қадағаларының қысқа тұйықталғанын білдіреді.

Алғаш пайдаланар алдында

- Аспапты алғаш пайдалану кезінде аздаған түтін мөн оған төн иістің пайда болуы мүмкін. Бұл қалыпты құбылыс және жуық арада басылады. Аспаптың жеткілікті желдетілетініне көз жеткізіңіз.
- Нан пісіру пешін және барлық құралдарын шешіңіз және орама үшін пайдаланылатын қағаз немесе пенопласт сияқты жеңіл жаңғыш материалдарын алып тастаңыз.
- Жиынтықты және зақымдалуы бар барлық бөлшектердің күйін тексеріңіз.
- Нан пісіретін пешті және төмендегі «Тазалау және күтім» бөлімінде баяндалған нұсқаулыққа сәйкес барлық бөлшектерін тазалаңыз.
- Нан пісіру бағдарламасын орнатыңыз және бос нан пісіру пешін 10 минутқа қосыңыз. Көйін оны суытыңыз және қайтадан жуып шығыңыз.
- Қондырғыны және барлық бөлшектерді жақсылап құрғатыңыз, көйін орнына орнатыңыз. Нан пісіру пеші жұмысқа дайын.

ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

Нан пісіру

Осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықта баяндалған қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқауларды сақтаңыз. Нан пісіргішті тегіс және орнықты жерге қойыңыз.

• Пісіруге арналған қалыпты аспаптан шығарыңыз. Қамырилеу күрекшесін пісіруге арналған қалыптағы жетек білігіне кірістіріңіз. Оның орнықты бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

• Қоспа бөлшектерін ас қағазда көрсетілген реттілікпен қалыпқа салыңыз.

Алдымен, сұйықтықтарды құйыңыз, содан кейін қант, тұз, ұн қосыңыз. Ашытқыны әрдайым өң соңында салыңыз. Ұнның ортасынан саусағыңызбен тесік жасап, ашытқы салыңыз. Ашытқының ұнмен немесе сұйықтықтармен жанаспауын қадағалаңыз.

• Пісіруге арналған қалыпты қайтадан аспапқа салыңыз. Оның тиісті түрде орнатылғанына көз жеткізіңіз. Аспаптың қақпағын жауып, айырын розеткаға қосыңыз.

• Дыбыстық белгі беріліп, басқару панелінде бастапқы күйде СТАНДАРТТЫ бағдарламасы жанады. МӨЗІР түймесін басумен өзіңізге қажет бағдарламаны таңдаңыз. Өрбір басуға қоса дыбыстық белгі беріледі.

• «Таймер +/-» түймесінің көмегімен таймер уақытын орнатыңыз. Егер сіз нан пісіру пешінің бағдарламаны орындауына кіріскенін қаласаңыз, онда дереу осы қадамын өткізіп жіберіңіз.

• Таңдап алынған бағдарламаны іске қосу үшін БАСТАУ/ТОҚТАТУ түймесін басыңыз.

• СТАНДАРТТЫ бағдарламасы үшін: осы бағдарламамен нан пісіру кезінде қоспа бөліктерін қосу қажеттігін білдіретін ұзақ дыбыстық белгіні естисіз. Қақпағын ашып, қоспа бөліктерін салыңыз. Пісіру кезінде қақпақтан бу шығуы мүмкін – бұл қалыпты жағдай.

• Пісіру үдерісі аяқталғанда, дыбыстық белгі беріледі. Осыдан кейін БАСТАУ/ТОҚТАТУ түймесін басып, бағдарламаны өшіру үшін оны басулы күйде 3-5 секунд ұстаңыз. Содан кейін аспаптың қақпағын жауып,



тұтқыштардың көмегімен пісіруге арналған қалыпты сақтықпен шығарыңыз.

Назар аударыңыз: Пісіруге арналған қалып пен нан өте ыстық! Күйік шалу қаупі бар!

- Нанды қалыптан шығармас бұрын, суығанша күтіңіз.
- Қалыпты төңкеріп, дайын нан қалыптан шығуы үшін аздап сілкіңіз. Егер нан қалыптан шықпаса (қамырилеу күрекшесінен сырғымаса), нанды күрекшеден ажыратуға арналған ілмекті пайдаланып, нандағы араластыру күрекшесін сақтықпен шығарыңыз.
- Содан кейін қалыптың ішіндегі нанды шығарып, кеспес бұрын 20 минут суытыңыз.
- Егер бағдарламаның аяқталуынан кейін Сіз аспаптың жанында болмасаңыз және/немесе БАСТАУ/ТОҚТАТУ түймесі басылмаса, ысыту режимі автоматты түрде қосылады және қуат көзі өшіріледі: нан 1 сағат бойы жылытылады. БАСТАУ/ТОҚТАТУ түймесін басып, ысытуды тоқтатуға болады.
- Бағдарлама аяқталғанда немесе аспап пайдаланылмайтын болса, айырын розеткадан шығарыңыз.

Нан пісіргіштің жұмысы кезінде туындайтын сұрақтар

Қамырилеу күрекшесі нан пісіруден кейін пісіру қалыбында тұрып қалса, не істеуім керек?	Пісіруге арналған қалыпқа ыстық су қосып, түбіне жабысып қалған қамырды жібіту үшін қамырилеу күрекшесін айналдарыңыз.
Нан піскеннен кейін нанды нан пісіргіштің ішінде қалдырса не болады?	Бағдарламаның аяқталуынан кейін «Жылыту» режимі бірден қосылады және наныңызды шамамен 1 сағат ысытып, ылғалдан қорғайды. Нанды 1 сағаттан артық нан пісіргіштің ішінде қалдырсаңыз, ол шикі болып қалуы мүмкін.
Пісіруге арналған қалыпты ыдыс-аяқ жуатын машинасында жууға бола ма?	Жоқ. Пісіруге арналған қалып пен қамырилеу күрекшелерін қолмен жуыңыз.
Қозғалтқыш жұмыс істеп тұр, алайда қамыр неліктен иленбейді?	Қамырилеу күрекшесі мен пісіру қалыбының дұрыс орнатылғандарына көз жеткізіңіз.
Қамырилеу күрекшесі нанның ішінде қалып қойса, не істеуім керек?	Күрекшені наннан ажырату ілмегін пайдаланып, нандағы қамырилеу күрекшесін шығарыңыз.
Бағдарлама кезінде қуат көзінде ақау туындаса не болады?	Қуат көзінде 10 минуттан артық ақау туындаса, аспап қайта қосылады және бағдарлама сол сәттен бастап жалғасады.
Нан қанша уақыт піседі?	Бағдарламаның реттілігін бақылай отырып, дәл уақытын анықтауға болады.
Қосылған мейіз аспаптың ішінде ұсақталады.	Жемістер немесе жаңғақтар сияқты қоспа бөліктерінің ұсақталуын болдырмау үшін оларды қамырға дыбыстық белгіден кейін немесе қамырды араластырудың бірінші үдерісі аяқталғаннан кейін қосуға болады.

Ас қағаздардағы қысқартулар келесіні білдіреді:

АҚ= үйіндісіз ас қасық (немесе үлкен мөлшер қасық)

ШҚ = үйіндісіз шай қасық (немесе кішкентай мөлшер қасық)

г = грамм

мл = миллилитр

7 г құрғақ ашытқы шамамен 20 г балғын ашытқыға сәйкес (сәйкестігін орамада көрсетілген ашытқы өндірушілерінің нұсқаулары бойынша айқындаңыз).

Нан пісіруге арналған классикалық ас қағаздары:

Классикалық ақ нан

<u>Қоспалары</u>	<u>450г</u>	<u>700г</u>
Су немесе сүт	180 мл	300 мл
Маргарин/май	1 АҚ	1 ½ АҚ
Тұз	0,6 ШҚ	1 ШҚ
Қант	0,6 АҚ	1 АҚ
Ұн, жоғарғы сұрып	330 г	540 г
Құрғақ ашытқы	5 г	7 г

«1. Стандартты» бағдарламасы

Мейіз бен жаңғақ қосылған нан

<u>Қоспалары</u>	<u>450г</u>	<u>700г</u>
Су немесе сүт	210 мл	350 мл
Маргарин/май	1 АҚ	1 ½ АҚ
Тұз	0,6 ШҚ	1 ШҚ
Қант	1,2 АҚ	2 АҚ
Ұн, жоғарғы сұрып	330 г	540 г
Құрғақ ашытқы	5 г	7 г
Мейіз	60 г	100 г
Ұнтақталған орман жаңғағы	2 АҚ	3 АҚ

«1. Стандартты» бағдарламасы

Мейіз бен жаңғақты қамырды илеудің дабылынан кейін немесе бірінші кезеңінен кейін қосыңыз.

Ірі тартылған ұннан пісірілген нан

<u>Қоспалары</u>	<u>450г</u>	<u>700г</u>
Су	180 мл	300 мл
Маргарин/май	1 АҚ	1 ½ АҚ
Жұмыртқа	0,6	1
Тұз	0,6 ШҚ	1 ШҚ
Қант	1,2 ШҚ	2 ШҚ
Ұн, бірінші сұрып	220 г	360 г
Ірі тартылған бидай ұны	110 г	180 г
Құрғақ ашытқы	5 г	7 г

«1. Стандартты» немесе **«3. Бүтіндөнді нан»** бағдарламасы. Берілген уақытқа өнімді пісіруді бағдарламалау барысында қамырға жұмыртқа салмаңыз, одан да сөл көбірек су қосыңыз.

Майсу қосылған нан

<u>Қоспалары</u>	<u>450г</u>	<u>700г</u>
Майсу	180 мл	300 мл
Маргарин/май	1 АҚ	1 ½ АҚ
Тұз	0,6 ШҚ	1 ШҚ
Қант	1,2 АҚ	2 АҚ
Ұн, бірінші сұрып	330 г	540 г

«1. Стандартты» бағдарлама

Пияз қосылған нан

<u>Қоспалары</u>	<u>450г</u>	<u>700г</u>
Су	150 мл	250 мл
Маргарин/май	0,6 АҚ	1 АҚ
Тұз	0,6 ШҚ	1 ШҚ
Қант	1,2 ШҚ	2 ШҚ
Ұсақталған үлкен пияз	0,6	1
Ұн, типі: бірінші сұрып	330 г	540 г
Құрғақ ашытқы	5 г	7 г

«1. Стандартты» немесе **«6. Жылдам пісіру»** бағдарламасы.

7 дөнді дақылдардың қосылуымен пісірілген нан

<u>Қоспалары</u>	<u>450г</u>	<u>700г</u>
Су	180 мл	300 мл
Маргарин/май	1 АҚ	1 ½ АҚ
Тұз	0,6 ШҚ	1 ШҚ
Қант	1,5 АҚ	2 ½ АҚ
Ұн, бірінші сұрып	150 г	240 г
Ірі тартылған ұн	150 г	240 г
7 дөнді дақылдардың қауыздары	35 г	60 г
Құрғақ ашытқы	5 г	7 г

«3. Бүтіндөнді нан» бағдарламасы. Бүтін дөнді дақылдарды пайдалану барысында оларды алдын ала суға салып қою қажет.

Күнбағыс дәнектері бар нан

<u>Қоспалары</u>	<u>450г</u>	<u>700г</u>
Су	210 мл	350 мл
Май	0,6 АҚ	1 АҚ
Ұн, жоғарғы сұрып	330 г	540 г
Күнбағыс дәнектері	3 АҚ	5 АҚ
Тұз	0,6 ШҚ	1 ШҚ
Май	0,6 АҚ	1 АҚ
Құрғақ ашытқы	5 г	7 г

«1. Стандартты» бағдарламасы Күнбағыс дәнектерін асқабақ дәнектерімен алмастыруға болады. Нанда дәнектердің дәмі айқын сезілуі үшін оларды табаға қуырыңыз.

Ауылдың ақ наны

<u>Қоспалары</u>	<u>450г</u>	<u>700г</u>
Сүт	180 мл	300 мл
Маргарин/май	1,2 АҚ	2 АҚ
Тұз	1 ШҚ	1 ½ ШҚ
Қант	1 ШҚ	1 ½ ШҚ
Ұн, бірінші сұрып	330 г	540 г
Құрғақ ашытқы	5 г	7 г

«1. Стандартты» немесе **«6. Жылдам пісіру»** бағдарламасы.

Қышқыл қамырдан пісірілген нан

<u>Қоспалары</u>	<u>450г</u>	<u>700г</u>
Құрғақ қышқыл қамыр	30 г	50 г
Су	210 мл	350 мл
Маргарин/май	1 АҚ	1 ½ АҚ
Тұз	2 ШҚ	3 ШҚ
Қант	1,2 АҚ	2 АҚ
Ұн, екінші сұрып	110 г	180 г
Ұн, бірінші сұрып	220 г	360 г
Ашытқы	2 г	4 г

«1. Стандартты» бағдарламасы.

Қамырды дайындау**Француз багеті**

Қоспалары	450г	700г
Су	180 мл	300 мл
Бал	0,6 АҚ	1 АҚ
Тұз	0,6 ШҚ	1 ШҚ
Қант	0,6 АҚ	1 АҚ
Ұн, жоғарғы сұрып	330 г	540 г
Құрғақ ашытқы	5 г	7 г

«11. Қамыр» бағдарламасы. Дайын қамырды 2-4 бөлікке бөліп, ұзын батон пішіміне келтіріп, 30-40 минут көтерілгенше күтіңіз. Өрбіреуінің үстіңгі бөлігін қиғаштап кесіп, пеште пісіріңіз.

Пицца

Қоспалары	450г	700г
Су	180 мл	300 мл
Тұз	0,5 АҚ	0,75 АҚ
Зәйтүн майы	0,6 ШҚ	1 ШҚ
Ұн, жоғарғы сұрып	270 г	450 г
Қант	1,2 АҚ	2 АҚ
Құрғақ ашытқы	0,6 қапша	1 қапша

«11. Қамыр» бағдарламасы. Қамырға шеңбер пішінін келтіріп, оны жайыңыз және көтерілуіне 10 минут беріңіз. Содан кейін бірнеше рет шанышқымен тесіңіз. Қамырға пиццаға арналған тұздық жағып, үстіне өнімдерді салыңыз. 20 минут пісіріңіз.

Джемдер және конфитюрлер («8. Джем» бағдарламасы)

Алма қайнатпасы

1. Алма 300гр (3 өлшем тостаған)
2. Қант шербаты 150гр қант + 50 мл су
3. Лимон шырыны 1 ас қасығы (10 мл)

Алма конфитюры

1. Алма 300гр
2. Қант 150гр
3. Тонбаға арналған Пектин қоспасы (лимон қышқылы+пектин) 6гр (1,5 ШҚ)

Алма джемі

1. Алма 300гр
2. Қант 150гр
3. Лимон шырыны 1 ас қасығы (10 мл)

Өрік джемi

1. Өрік	500гр
2. Қант	500гр
3. Лимон шырыны	25 мл (2,5 АҚ)

Өрік конфитюры

1. Өрік	360гр
2. Қант	360гр
3. Пектин қоспасы	4 гр (1 ШҚ)

Құлпынай қайнатпасы

1. Құлпынай	400 гр
2. Қант	400 гр
3. Лимон шырыны	1 ШҚ

Ас қағаздар бойынша сұрақтар

Құбылыс	Себебі	Жою
Қамыр өте жылдам көтеріледі	-ашытқы тым көп, ұн тым көп, тұз аз -немесе осы себептердің бәрі	a/b
Қамыр көтерілмейді немесе баяу көтеріледі	-ашытқы жоқ немесе тым аз -ашытқы ескі немесе жатып қалған немесе сапасы лайықсыз -сұйықтық тым ыстық -ашытқы сұйықтықпен жанасты -ұнның сұрыбы басқа немесе ескі -сұйықтық тым көп немесе аз -қант аз	a/b e c d e a/b/g a/b
Қамыр өте жылдам көтеріледі және пісіруге арналған қалыптан асып төгіледі	-су өте жұмсақ болса, ашытқы тез көтеріледі -сүт тым көп болса, ашыту күшейе түседі	f/k c
Нан отырып қалды	-қамырдың көлемі қалыптан артық, сондықтан нан отырып қалады -өте жылы суға, жылы пешке, жоғары ылғалдылыққа байланысты ашытқының өте жылдам ашуы. Сұйықтық тым жылы болса, қамыр өте жылдам көтеріледі және пісірер алдында отырып қалады. -тұз жоқ немесе қант тым аз -сұйықтық тым көп	a/f c/h/i a/b h
Ауыр, құрылымы түйір тәрізді	-ұн тым көп немесе сұйықтық аз -ашытқы немесе қант аз -жемістер, дөңдер немесе өзге қоспалар жетіспейді -ұн ескі немесе нашар	a/b/g a/b b e

Нанның ортасы піспей қалған	-сұйықтық тым көп немесе аз -жоғары ылғалдылық -сұйық қоспа бөліктері бар ас қағаздар, мысалы, йогурт	a/b/g h g
Нанның құрылымы ірі немесе тесіктері бар	-су көп -тұз жоқ -жоғары ылғалдылық, су тым жылы -сұйықтық өте ыстық	g b h/i c
Саңырауқұлақ тәрізді, піспеген беткі қабат	-қамырдың көлемі қалыптан көп -ұн тым көп, әсіресе, ақ нанды пісіру кезінде -ашытқыш тым көп және тұз аз -қант тым көп -қантқа қосымша тәтті қоспалар	a/f f a/b a/b b
Көскенде нан тілімдері біркелкі емес немесе ортасы түйіршіктеліп қалады	-нан пісіруден кейін толық суыған жоқ	j
Нанның қыртысында ұн қалдықтары бар	-қамырды илеу кезінде шетіндегі ұн араласпай қалған	g/i

Ұнамсыз құбылыстарды жою

- Қоспа бөліктерін дұрыс мөлшерлеңіз және өлшеңіз.
- Қоспа бөліктерін салғанда мөлшер қатынасын сақтаңыз және барлық қоспа бөліктерін салғаныңызға көз жеткізіңіз.
- Сұйықтық бөлме температурасына дейін суығанша күтіңіз немесе басқа сұйықтықты алыңыз. Қоспа бөліктерін ас қағазда көрсетілген тәртіппен салыңыз. Ұнның ортасына кішкентай тесік жасап, үгітілген ашытқыны немесе құрғақ ашытқыны салыңыз. Ашытқының сұйықтықпен тікелей жанасуын болдырмаңыз.
- Тек балғын және дұрыс сақталған қоспа бөліктерін пайдаланыңыз.
- Қоспа бөліктерінің жалпы санын азайтыңыз, ешбір жағдайда ұнды ас қағазда көрсетілген мөлшерден аз пайдаланбаңыз. Қажет болса барлық құрамдас бөліктердің санын 1/3 қысқартыңыз. Басқа ашытқыны пайдаланып көріңіз.
- Сұйықтықтың көлемін өзгертіңіз. Сұйық қоспа бөліктерін пайдалану кезінде пайдаланылатын сұйықтықтың көлемін сәйкесінше азайтыңыз.
- Дымқыл күндері 1-2 ас қасыққа азырақ су алыңыз.
- Ыстық күндері пісіруді белгіленген уақытқа бағдарламалау функциясын пайдаланбаңыз. Салқын сұйықтықтарды пайдаланыңыз.
- Пісіріп болған соң бірден нанды қалыптан шығарып, кесер алдында тордың үстінде 15 минуттан кем емес уақыт суығанша күтіңіз.
- Ашытқының мөлшерін азайтыңыз немесе қажет болса барлық қоспа бөліктерін көрсетілген көлемнен $\frac{1}{4}$ азайтыңыз.
- Ешқашан қалыпқа май жақпаңыз.
- Қамырға бір ас қасық бидай крахмалын қосыңыз.

Тазалау және күтім

- Тазалау алдында аспапты электр желіден ажыратып, суығанша күтіңіз.
- Сыртын жұмсақ, аз ылғалданған шүберекпен тазалау.
- Аспапты тазалау үшін абразив құралдарын ешқашан қолданбаңыз, себебі бұл аспаптың күйікке қарсы бетін зақымдауы мүмкін.

Өнімді пісіруге арналған қалып:

- Қалыпты сағат тіліне қарсы бұрап, суырып алыңыз және тұтқасынан тартып, оны іш жағынан және сыртынан ылғалды матамен сүртіңіз. Күйікке қарсы беті зақымдамас үшін үшкір заттарды немесе абразив құралдарды пайдаланбаңыз. Өнімді пісіруге арналған қалыптарын нан пісіру пешіне орнату алдында оны кептіріңіз.

ЕСКЕРТУ:

- Қалыпты дұрыс қалыпта орнатыңыз және оны сөл ғана басыңыз. Егер қалып өз орнына орнықпаса, онда керекті қалпын таңдаңыз және оны сөл ғана басыңыз.

Қамыр илеуге арналған күрекше:

- Егер қамыр илегішті біліктен шешу күрделі болса, онда сұйыққойманы жылы сумен толтырыңыз және оның жібіуіне шамамен 30 минут уақыт беріңіз. Содан кейін оны тазалау үшін шешу оңай болады. Қамыр илегішті ылғалды мақта-матамен абайлап сурту қажет. Өнімді пісіруге арналған қалыпты және қамыр илегішті ыдыс жууға арналған құралмен жууға болатынына назар аударыңыз.

Үстіңгі қақпағы және маңдай терезесі:

- Қақпақты сыртынан және ішінен ылғалды матамен сүртіңіз.

Корпусы:

- Корпустың сыртын ылғалды шүберекпен абайлап сүртіңіз. Корпусты тазалауда абразивті құралдарды пайдаланбаңыз, себебі олар жылтыратуын зақымдайды. Нан пісіру пешінің корпусын ешқашан суға батырмаңыз.
- Тазалау барысында аспапты және желілік сымын ешқашан суға батырмаңыз.
- Тазалағаннан кейін аспапты кептіріңіз және сақтауға алып қойыңыз.

Сақтау

- Аспапты электр желісінен ажыратып алыңыз.
- Желілік сымын бос етіп ораңыз.
- Аспапты және керек-жарақтарды құрғақ, салқын, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

Кепілдік міндеттемелері

Құралға қызмет көрсетудің кепілдік мерзімі сатып алынған күннен бастап 1 жылды құрайды. Кепілдік мерзімді растайтын құжат кассалық есеп-шот болып табылады. Тегін жөндеу немесе (жөндеу мүмкіндігі болмаған жағдайда) құралды ауыстыру кепілдік мерзім ішінде құрал сатылған жерде берілген кассалық есеп-шотты, кепілдік талонын және құралдың толық түпнұсқа қаптамасын көрсеткенде іске асырылады.

Қосалқы бөлшектердің ақаулары құралды толық ауыстыруға негіз бола алмайды. Сынып қалған немесе бұзылған қосалқы бөлшектердің орны тек қосымша ақыға толтырылады.

Тозатын және қажалатын бөлшектер, оларды тазалау, техникалық қызмет көрсету және ауыстыру кепілдік аясына енбейді және бөлек ақыға жасалады.

Бөтен адамдар құралды ашса/жөндесе кепілдік автоматты түрде күшін жояды.
Пайдалану ережелері сақталған жағдайда тауардың қызмет ету мерзімі 2 жылды құрайды.
ҚХР жасалған.

Кепілдік мерзімі өткеннен кейінгі жөндеу

Кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейінгі құралды жөндеуді қызмет көрсету орталықтарының немесе шеберханалардың мамандары ақылы түрде іске асырады.

Құрал CE директивалары бекіткен және МЕМСТ-Р белгілеген стандарттарға және қауіпсіздікке сәйкестігі туралы барлық қажетті сынақтардан өтті және заманауи техникалық стандарттарға сай болып келеді.

Фирма құралдың құрылымына техникалық өзгерістер енгізу құқығын өзіне сақтап қалады.

EAC

Дата производства:

Өндірілген күні: